

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнайы мемлекеттік мұрағатын құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 216 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

"Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Заңының 22-бабының 2-тармағына сәйкес және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнайы мемлекеттік мұрағаты құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*